

**Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ жанындағы Металлургия,
материалтану және наноматериалдар жөніндегі диссертациялық
кеңестің
№ 13 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

Алматы қ.

«02» желтоқсан 2022 ж.

ҚАТЫСҚАНДАР:

Тұрақты құрамы: Кенжалиев Б.К. – диссертациялық кеңестің төрағасы, Смагулов Д. У. – диссертациялық Кеңес төрағасының орынбасары, Мамаева А.А – диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, Скопов Г.В., Абдулвалиев Р.А, Исмаилов М.Б., Азат С.

Уақытша құрамы: Ахметова Гульжайнат Есенжоловна., Достаева Ардак Мухамедиевна, Алимжанова Алия Маргулановна, Канаев Амангельды Токешевич, Байтимбетова Б.А., Омарбекова Альнура Оразғалиқызы, Қойшина Гүлзада Мынғышқызы.

Металлургия, материалтану және наноматериалдар жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор Кенжалиев Бағдәулет Кенжалиұлы.

Металлургия, материалтану және наноматериалдар жөніндегі диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы физика-математика ғылымдарының кандидаты Мамаева А.А.

Күн тәртібі:

Кожа Еркін 6D071000 – «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Электролиттік-плазмалық өндеу әдісінің көмегімен металл қорытпаларының бетінде керамикалық қорғаушы қабаттар алу» тақырыбында диссертациялық жұмысын қорғауы.

Ғылым кеңесшілер:

1. Смагулов Даулетхан Улиялович техника ғылымдарының докторы, профессоры, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті.

2. Baishan Shadke профессор, техника ғылымдарының докторы (Қытай Халық Республикасы, Синьцзян Университеті)

Ресми рецензенттер:

1. Мурзахметова Ұлбала Асқарбекқызы - техника ғылымының кандидаты, доцент, Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль жол институтының автожол факультетінің деканы, 6D071000 – Материалтану және жаңа материалдар технологиясы мамандығы бойынша 3 ғылыми жарияланымдары бар.

2. Мустафа Лаура Молдакеримовна - PhD докторы, «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ реактивті қозғалыс және материалтану департаментінің материалтану зертханасының меңгерушісі, 6D071000 – Материалтану және жаңа материалдар технологиясы мамандығы бойынша бірнеше ғылыми жарияланымдары бар.

ТЫҢДАҒАҢДАР:

Докторант Кожа Еркіннің сөз сөйлеуі, ол өз баяндамасында диссертациялық жұмыстың мәнін баяндап берді. Баяндама презентация түрінде ұсынылды. Баяндама барысында келесі сұрақтар қойылды:

1. Зерттелетін мәселенің өзектілігі
2. Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері
3. Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу
4. Қорғауға шығарылатын ғылыми ережелер
5. Диссертацияның практикалық маңыздылығы

Кеңес төрағасы Б. К. Кенжалиев келесі кезеңге – жұмысты талқылауға көшуді ұсынды. Сөз ресми рецензенттерге берілді. Ресми рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының жоғары деңгейін атап өтті. Рецензенттер жұмыстың сапасы мен өзектілігін төмендетпейтін келесі ескертулерді атап өтті:

1. Жұмыста жарияланған мақсат пен міндеттер негізінен диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Дегенмен, кейбір сәйкессіздіктер бар. Осылайша, нысан ретінде қарастырады. Бұл нысан зерттеу тапсырмаларында жоқ.

2. Қолданылатын әдістемелік база жұмыста жеткілікті сипатталған. Эксперименттерді жүргізу схемасы егжей-тегжейлі жазылған, зерттеу әдістері мен қолданылған материалдардың сипаттамалары және физикалық-химиялық талдау жүргізу әдістері келтірілген. Бірақ, эксперименттік сынақ жүргізу кезінде бір үлгіге қанша рет сынақ жүргізілгені туралы және нәтижені қалай есептеп алынған туралы толық жазылмаған.

3. Диссертациялық жұмыс аз көміртекті легіріленген болаттар мен алюминий қорытпаларынан жасалған мұнай-газ құрылғылары бөлшектерін термоциклды электролиттік-плазмалық өндеудің оптимал режимдерін анықтауға және өндеу технологиясын жасауға арналған. Жұмыс барысында теориялық және қазіргі заманғы тәжірибелік әдістерді қолдана отырып, ЭПӨ кезінде металдың бетінде керамикалық қорғаушы қабаттардың құрылу ерекшеліктері зерттелді. ЭПӨ кезінде металдың беттік қабатын арнайы

легірлеуге және модификациялауға болатыны көрсетілген. Алайда, бұл технологияның басқа елдерден ерекшелігі туралы толық жазылмаған.

Рецензенттердің сөзінен кейін докторант **Кожә Еркін** сөз сөйледі, докторант ресми рецензенттердің сұрақтарына және ескертулеріне толық жауап берді. Рецензенттер докторанттың жауаптарына қанағаттанды.

ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

«ҚОЛДАЙМЫН» -- 13 дауыс
«ҚАРСЫМЫН» - жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Кожә Еркін қорғау нәтижелері және дауыс беру нәтижелері бойынша Диссертациялық кеңес оған 6D071000 – «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешім қабылдады.

Металлургия, материалтану және наноматериалдар бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор



Кенжалиев Б.К

Металлургия, материалтану және Наноматериалдар бойынша Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, физ-матем ғыл. кандидаты

Мамаева А.А